

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»
ТАЛАПКЕР 2024**

✓ МАГИСТРАТУРА

- **М025 - ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕР**
- **7М02104 - «ДӘСТҮРЛІ ЖЫР (АЙТЫС)» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білімге жатады және жоғарғы оқу орындары, өнер саласындағы кәсіби жырау және ғылыми ұйымдар үшін ғылым және ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді.

- Магистратурада білім берудегі мақсат магистрантты өз бетімен оқуға, ғылыми зерттеу және ғылыми педагогикалық қызметпен айналысуына ынталандыру
- Магистратураға түсушілерге қойылатын талаптар:
- Жоғары базалы (бакалавриат) білімі не бағыттар (мамандықтар) бойынша арнайы жоғары білімі болу керек
- Шет тілінен (тестілеу) және мамандық бойынша емтихан (ауызша) тапсырылады
- Оқуға қабылдану оқу бюджеттік және коммерциялық негізде жүзеге асырылады.
- Білімдік магистрлік бағдарламаны жемісті игерген бітіруші докторантурада білім алуға дайын болады.
- Музыкалық дайындығы бар (Жоғары базалы (бакалавриат) білімі не бағыттар (мамандықтар) бойынша арнайы жоғары білімді бітіруші талапкерлерге емтихан талабы бойынша:
- Шығармашылық емтихан бағдарламасы: (талапкер өз мектебі бойынша шығармаларды тандап дайындап тапсырады)

1. Авторлық дастан (өз туындысынан көлемді шығарманы аспаптық сүйемелмен орындау)
2. Авторлық терме-толғау (өз туындысынан қысқаша шығарма орындау)

3. Классикалық айтыс (XIX-XX ғ.еларалық айтыстардың бір үлгісін жатқа орындау)

4. Қазіргі заман ақын-жыраулар шығармасы (өз қалауы бойынша)

5. Жыр (халық жырлары, эпостық, лиро-эпостық жырлардан үзінді)

Орындаған шығармаларының тарихы жеткізушілері және сақталуы, таратылуы, жариялануы туралы мәліметтерді білуге тиіс

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Болашақ ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша жазылған Рефератты қорғау және сұхбаттасу.

Жалпы талаптар:

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат - негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған рецензия ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша куәландырылуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат талапкердің қазақ немесе орыс тілінде өзі жеке орындаған еңбегі болуы тиіс.

2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасына сәйкес болуы керек.

3. Рефераттың көлемі – 20-25 бет.

4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:

- титулдық бет;

- кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);

- реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);

- қорытынды;

- қолданылған әдебиеттер тізімі;

- қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).

5. Рефераттың рәсімделуі:

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

Интервал – бір;

Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;

Абзац шегінісі – 1 см.

6. Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және ҒЖБССҚЕК талаптары бойынша ресімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

Реферат тақырыбы бойынша талапкердің бұрын жарияланған ғылыми мақалалары болғаны жақсы.

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші I - шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері I - шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші II - шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері II - шығармашылық емтихан
36-40	Талапкер өзінің барлық мүмкіндігін, суырыпсалма ақындығын, орындаушылық шеберлігін, дәстүрлі орындаушылық нақышын, жалпы музыкалық қабілетін толық көрсете алғанда, сондай-ақ, сахнада қобалжымай өзін еркін ұстауы, айтқан шығармалары күрделі және орындалуы мінсіз болған жағдайда бағаланады	36-40	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын біледі. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
32-35	Талапкердің барлық көрсеткіштері талапқа сай болып, тек ақындық-суырыпсалмалық қабілетінде кешігу, тежелу болса, аспаппен сүйемелдеуі дәстүрге сай келмесе осы баллмен бағаланады	32-35	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетті. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
27-31	Талапкердің ақындық, орындаушылық күш қуаты орташа болса, бірақ актерлік шеберлігі, сахна мәдениеті, тіл тазалығы (дикциясы) жақсы болса, осы көрсетілген баллмен бағаланады.	27-31	Талапкер зерттеудің мақсат пен міндеттерін жақсы тұжырымдады, негізгі ережелерін жақсы көрсетті, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа болды. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).
22-26	Өлең құрылысы орташа болғанымен, аспаппен сүйемелдеу барысында дыбыс сәйкестіктері	22-26	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетті, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінеді, алайда

	тональділікке сай келмесе, айтыс, қосымша жыр мәтіндерін орындау барысында қателіктер кездесе осы баға қойылады.		зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екенін байқатты.
17-21	Орындаушылығы орташа, суырыпсалмалығы әлсіз болса, сөйлеу мәнерінде, дыбыстарда кемшілік болса осы баллдармен бағаланады.	17-21	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдылары жеткіліксіз, тақырып өзектілігінің дәлелденуі шектеулі. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-16	Талапкер өз дауысын игере алмаса, айтысу барысында өлең құрылысынан, жырдың, терменің сөздерінен жаңылса, дыбысы таза болмаса, дикциясы нашар болса осы мөлшердегі балл қойылады.	12-16	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінігі аз, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, жұмыс көлемі аз (15 немесе одан аз бет).
7-11	Ұлттық аспапты дұрыс меңгере алмаған, сондай-ақ, өлең құрау, импровизациялық процестерде психологиялық тұрғыдан өзін меңгере алмаған талапкерлерге қойылады.	7-11	Зерттеудің өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілмеген, ғылыми аппаратты толық меңгермеген, тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келмейді.
0-6	Орындаушылық деңгейі төмен, есту, өлең құрау дағдысы жоқ, поэтикалық формаларды, өлең құрылымын (буын, ұйқас) меңгере алмаған талапкерлерге қойылады.	0-6	Жұмыс ғылыми зерттеу рефератын рәсімдеу талаптарына сәйкес емес. Өтпейді.

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: erbolsaryn@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com